



БҰЙРЫҚ

10.04.18 м.

Костанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 118

город Костанай

Оңалту басқарушыны шеттетуге туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес, 2018 жылғы 18 қантардағы «Агро-Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оңалту басқарушы Айгүл Қайрқелды-қызы Мұстафина кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты «Агро-Жер» ЖШС-нің мүлкін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. А.Қ.Мұстафина үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған оңалту басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Жақанов